

19.01.2016 ж.

«Заманымызға қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап,
ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі
қазақ халқына бірінші дерлік жан басшымыз – Әлихан
БӨКЕЙХАНОВ».

Міржақып ДУЛАТОВ.



Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ

XX ғасырдың басында Қазақстан Россия империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған аграрлы-отарлық шет аймағы болды. Отарлаушылар қазақ халқының өнері мен оның табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақтарды рухани жағынан да отарлады: халықты тілінен, дінінен, ділінен айыру бағытында қаталдықпен ойластырылған шаралар жүйесін жүзеге асырды. Ж.Аймауытов ол кезең туралы: «Қазақтың жерін тілгілей, келімсек мұжықтарға аударып бере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға, ауылнай ақсақал, миссионерлер тартты, әдет-ғұрып, салт-сананы өзгертіп, орысқа бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальник шығарды. Қазақты іштен тоздыруға сайлау, штат деген шырға тастап, өзін-өзі жұлыстырып, қырқыстырды» деп, патшалық отарлаудың, орыстандырудың қандай жолдармен, қандай тәсілдермен жүргізілгенін әшкереледі (Ж.Аймауытов. «Қазақ әдебиеті», 1989. 20 ақпан).

Бұл кезең жөнінде қазақтың көрнекті ғалымы Т.Шонанұлы: «Қазақ жерін отарға айналдыру, қазақ даласын талау, тарихын екі дәуірге бөлуге тура келді: Біріншісі, орысқа бағынғаннан бастап, XIX ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына дей, жер алу дәуірі; Екінші, 80-жылдардың аяғынан 90-жылдардың басынан бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі» деп атап көрсетті (Т.Шонанұлы. «Жер тағдыры – ел тағдыры», Алматы: "Санат". 1995. 209-бет).

Қазақ өлкесіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуал, негізінен, аграрлық, ұлттық және белгілі дәрежеде таптық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленді. Қазақстанда осы шиеленістен туындаған аграрлық және ұлттық-азаттық қозғалыс ең алдымен отаршылдыққа қарсы бағытталды (К.Нүрпейісов. «Ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы». "Егемен Қазақстан". 1995. 5 желтоқсан).

XX ғасырдың басы – қазақ халқының тарихындағы бүкіл қоғамдық ой-пікірдің өрлеуіне мүмкіндік туып, Ресей патшалығы әдейі тұмшалаған ой-сананың ояну дәуіріне жол ашқан кезең болды. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен ақын-жазушылары аңсаған ілім-білімді үйренуге үндеу XX ғасырдың басында біршама нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы қазақ азаматтарын елді ояту, азаттықты аңсау мақсатына жетеледі. Осынау зиялылар арасында ел бағытын айқындар сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған жаңа тұлғалар шоғыры халыққа таныла бастады (Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап. Алматы. 2002. 6-бет). Бұлар XX ғасырдың басындағы ұлт зиялылары болатын. Ұлт зиялысы дегеніміз, академик М.Қозыбаев сөзімен айтсақ, сол кездегі қазақтың «ұйтқысы, қамқоршысы, тірегі әрі рухани білегі» тұғын (М.Қозыбаев. «Өркениет және ұлт. Алматы. 2001. 237-бет»).

Олар өзінің шыққан ортасы тұрғысынан алғанда әртекті болды. Қазақ зиялыларының саны жөнінен ғана емес, сонымен қатар, ықпалы жөнінен де неғұрлым елеулі бөлігі либерал-демократиялық көзқарастарда тұрды. Бұлар негізінен даладағы аристократиялық топтардың өкілдері болатын (Әлихан Бөкейханов,

Бақытжан Қаратаев, Жақып Ақбаев және басқалар), дегенмен, олардың арасынан ауылдың орташа және төменгі топтарынан шыққандар да кездесті (Ахмет Байтұрсынов және басқалар) («Қазақстан тарихы» III том. Алматы: "Атамұра". 2002. 618-бет).

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялыларының басым көпшілігі тек қана бір кәсіби мамандықтың тізгінін ұстаумен шектелмей, әмбебап мамандар ретінде қызмет етті. Олар оқу-ағарту ісімен де, қазақ тілінде басылымдар (кітап, газет-журнал) шығару қам-қарекетімен де, жан-жақты шығармашылық жұмыспен де қатар айналысты. Осылардың барлығына ортақ қасиет, ортақ ерекшелік: олардың қазақ қауымының қоғамдық-саяси сұраныстарына мүмкіндігінше толық жауап беруге атсалысуы еді.

Зиялылардың саяси көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке араласуына Бірінші орыс революциясы (1905-1907 ж.ж.) белгілі дәрежеде ықпал жасады.

XX ғасырдың басында олар тек ағартушылық іс-әрекетпен шектелмеді, өздерінің дүниетанымының қалыптасуы барысында Ресей империясында болып жатқан ірі қоғамдық-саяси оқиғалардың, саяси партиялардың және ұйымдардың пайда болуының куәсі әрі қатысушылары да болды. Бұл жерде айта кетерлік бір жай, халықтың шашыранды көтерілістерін туындап келе жатқан ұлттың зиялылары біріктіруге ұмтылды. Өзінің саны жағынан аздығы мен әр тектілігіне қарамастан, өлкедегі ұлт-азаттық көтерілісті басқарды.

Семей облысының ұлттық интеллигенциясының идеялық-саяси іс-әрекетінің тоғысқан жері Қарқаралы уезі болды. Дәл осы жерде олардың жаңа тарихи кезеңде қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресінің жетекшілері ретінде қалыптасуы мен бұрынғы көшпелі малшыларға саяси күрестің әліппесін, саяси құқықтары мен еркіндігіне қол жеткізудің түрлері мен тәсілдерін үйретуі өткен еді. Бұған куә Қарқаралыда әрекет еткен Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев, Мұхаммед-Мақсұт Хамидуллин-Бекметовтың, т.б. қызметі.

Ресейде 1905 жылы бірінші орыс революциясы басталып жұмысшы, шаруалардың бас көтеруі қызып жатқан кездерде қазақ халқы да елдің тұрмыс-тіршілігіне, ауыр жағдайына, жүргізіліп отырған қоныстандыру саясатының озбырлығына, жердің талан-таражға салынып бара жатқандығына ашық наразылықтарын білдіріп, патша өкіметіне бірнеше арыз, шағым жазған еді. Солардың ішіндегі ең маңыздысы Семей облысындағы Қарқаралы, Семей, Павлодар уездері қазақтарының Петербургке жіберген петициясы. Шындығында бұл жалғыз ғана петиция емес. Мұндай дербес мазмұндағы бірнеше құжаттар бар екені тарихтан белгілі. Олар жеке-жеке: Ресей Императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, Ішкі істер министріне жолданған. Петицияны дайындап, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Тоғысов, А.Аяғанов болған (З.Тайшыбай «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат». «Ақиқат» журналы. 2003. №7). Құжаттар 25-26 маусым күндері Қоянды жәрмеңкесінде жасалған.

Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, Ресей патшалығының атына жіберілген петицияда «жергілікті халықтардың құқықтары мен ар-абыройын аяқасты ету», патша басқарушыларының әкімшілік зорлығы, «рухани және экономикалық мүддені елемеуі, қараңғы халықтың надандығын әдейі қолдауы» айтылып, жоғары билік құрамына қазақтарды қатыстыру сияқты заңдық мәні бар мәселелердің болғанын көрдік.

Ресей Министрлер Кеңесіне, атқарушы билік төрағасына қойылған талаптар кеңірек әрі мейлінше нақты. Онда ар бостандығын беру, халықтың өз тілінде білім алуын ұйымдастыру, келімсектерді

қоныстандырудан бас тарту, жер қорының жергілікті халыққа тиесілі екендігі туралы арнайы заң актісін қабылдау, «Далалық ережені» және өлкені әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңды бекіту, отарлаушы аппарат чиновниктерінің санын қысқарту, генерал-губернаторды орталықтан тағайындаудан бас тарту, жоғарғы билік органдарынан отарланушы өлке депутаттары үшін үлес беру талаптары қойылды («Қазақтар». Алматы.: Қазақстан даму институты: I том. Тарихи оқиғалар. 2003. 91-бет). Министрлер Кеңесінің төрағасы С.Виттенің атына жолданған петицияға (арыз-өтініш) 14,5 мың адам қол қойған.

Петиция қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Оны қазақ тілінен орысшаға Семей облысының Қарқаралы, Семей, Павлодар уездері қазақтарының сенімді өкілі Темірғали Нүрекенов тәржімалайды.

Осы құжаттың жасалуы туралы мәлімет жетісімен Омбыдан Қарқаралыдағы уезд басшысына (штабс-ротмистр Оссовский) петицияны ұйымдастырушыларды анықтап, іс қозғау жөнінде Дала генерал-губернаторының канцелярия бастығы Лосевсийден шұғыл түрде құпия жеделхат жіберіледі. Құпия түрде жүргізілген тексеру бойынша петицияны ұйымдастырушы Бөкейханов екендігі анықталады. Бұл туралы «...петицияны Омбыдан Петербургке осы жылдың 28 шілдесінде Ә.Бөкейханов жіберген. Ол осы уездің қырғыздарымен тығыз байланыста, қырғыздар арасында оның беделі жоғары»,– деп жазды штабс-ротмистр Оссовский өзінің Дала генерал-губернаторына жіберген ақпаратында (С.Смағұлова. «Қарқаралы петициясы» Қазақ тарихы. 1996. №1).

Осы ақпаратта петицияның түпнұсқасын жасаушы және оны Омбыдан Қарқаралыға жеткізуші Омбы сот палатасындағы сот ісінің кандидаты Ж.Ақбаев екендігі де айтылады. Өз ісінің білгір маманы, заңгер, қазақ бұқарасының арасында зор беделге ие заң магистрі Ж.Ақбаев пен Ә.Бөкейхановтың бұл іске араласуы Ресей әкімшілік орындарында үлкен мазасыздық үрей туғызады. Ел ішінде көтеріліс ұйымдастыруы мүмкін-ау деген желеумен генерал-губернаторлар екеуіне де қатаң бақылау қояды.

Семей әскери губернаторының Дала генерал-губернаторына жазған хатында Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсыновтың қызметі өкіметке қарсы болды деп жазуы кездейсоқ емес. Ол бұл үшеуін бір сапқа біріктіріп, «...айқын залалды мақсат тұтқан, оның негізінде қазақ бұқарасына үкіметке қарсы наразылық сеуіп, әкімшілікке деген дұшпандылыққа бейімдеуге ұмтылған» біріңғай пікірдегі ұйым деп те көрсетуге тырысты («Шығыс Сарыарқа». Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні. Алматы. 2004. 405-бет). Осы жерде билеуші жүйе ұлттық интеллигенцияға қарсы жазалау шаралары арқылы халықтың бас көтеруін болдырғысы келмесе, екінші жағынан, оларды іс жүзінде пәрменді саяси күш деп мойындауға мәжбүр болды.

Белгілі саяси қайраткерлер Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсыновтардың бірлесіп отырып жасаған петициясы конституциялық-демократиялық партияның жергілікті ұйымын рәсімдеудің бастамасы болды. Олар 1905 жылдың желтоқсанында Оралда бес облыстың қазақ халқы делегаттарының съезін өткізіп, өз партиясын – Ресей конституциялық-демократиялық партиясының бөлімшесін құруға әрекет жасады. Ол 17-қазандағы патша манифесімен берілген бостандықтар шеңберінде қазақтардың ұлттық мүдделерін қорғауға тиіс болатын. 1906 жылдың ақпанында Семейде қазақтардың екінші съезі болып, ол кадеттерге жақын бағдарламаны мақұлдады, бірақ, оған өлкеге шаруалардың қоныс аударуларын тоқтату, Қазақстанның барлық жерін байырғы халықтың меншігі деп тану, ұлттық мектептер ашу және т.б. талаптар енгізді. Бұл саяси ағымды Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, М.Шоқай, М.Дулатов, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалиев, Б.Сыртанов және қазақ зиялыларының басқа да көрнекті қайраткерлері басқарды. Олар дін

ұстану бостандығын жақтап, әсіресе, үкімет пен жергілікті органдардың мұсылман дініне қарсы актілеріне қарсылық білдірді. Ұлттық мәдениетті дамытуды, сондай-ақ, Қазақстанда қазақ тілін басқа тілдермен тең қолдануды жақтады. Қазақ қауымын басқарудың ең болмағанда уездер мен болыстар шеңберіндегі отарлық сипатын өзгертуді талап етіп, ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясы қоғамның саяси өмірінде өзін ресми өкімет пен жергілікті халық бұқарасын байланыстыратын күш ретінде көрсетуге ұмтылды. Басқа сөзбен айтқанда, ұлттық-демократиялық интеллигенция басшылары Бірінші орыс революциясы жылдарында империяда, оның ішінде, Қазақстанда да қалыптасқан қоғамдық-саяси хал- ахуал жағдайында орталықтық (центристік) позицияда болуға тырысты (К.Нүрпейісов. «Ғасыр басындағы...». 1995. 5-желтоқсан).

Жаңадан дүниеге келген осы саяси ұйымның жетекшісі болып Ә.Бөкейханов бір ауыздан мойындалды. Осы кезден бастап ғалым-экономист, публицист әрі әмбебап терең білім иесі Ә.Бөкейхановтың жалпы ұлттық саяси тұлғаға айналу жолы басталды.

Демек, бірінші орыс революциясы жылдарында Ә.Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары өздерінің саясатқа араласқан алғашқы қадамдарында сол кезде патша үкіметіне оппозицияда болған кадеттер партиясын өздеріне белгілі дәрежеде үлгі тұтты.

1905 жылы қазан айының соңында Ә.Бөкейхановтың бастамасы бойынша Омбыда 17-қазан Манифесі қазақ тіліне аударылды және вице-губернатордың рұқсатымен облыстық баспаханада басылып, 10 мың данасы қазақ ауылдарына таратылды.

Қазақстанның барлық қалаларында 17 қазандағы Манифеске арналған саяси шерулер, митингілер мен жиналыстар толқыны жайылды. Оларды орыстар арасынан да, қазақтардан да шыққан жергілікті зиялылар ұйымдастырды. Омбы жандарм басқармасы бастығының мойындауынша Ә.Бөкейханов «Барлық митингілер мен петициялардың және үкіметке қарсы үгіттердің ұйтқысы, даладағы... қазақтардың барлық діни-саяси қозғалысының көшбасшысы және жетекшісі сияқты» болды. Бұл күндерде Оралда Б.Қаратаев пен Ж.Сейдалин, Қарқаралыда А.Байтұрсынов, Бекметовтер және Ж.Ақбаев, т.б. ерекше белсенділік көрсетті. 1905 жылдың күзінде Ж.Ақбаев Павлодар-Қарқаралы бағыты бойынша үгіт жүргізу сапарына шықты. Осы сапар барысында ол 7-қарашада Павлодарда болған митингіде бостандық идеясын уағыздаған және жергілікті әкімшілікті қайта сайлауды талап етіп сөз сөйледі, ол осы мазмұнды сөздерді қарашаның он бірінде Баянауылда, он бесінші қарашада Қарқаралыда көп адам қатысқан жиналыстарда да айтты. Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «...Ол туған қаласы Қарқаралыға қараша айының ортасында жетті. Полиция басқармасының қарсы алдындағы бірден-бір алаңда дереу митингі ұйымдастырылды» (К.Нүрпейісов. «Ғасыр басындағы...»). Сөйтіп, 1905 жылғы 15-қарашада әйгілі Қарқаралы оқиғалары басталды. Оған жұмысшылармен, қоныс аударған шаруалармен, солдаттармен бірге осы уездің ауылдары мен болыстарынан келген салт атты қазақ жігіттерінің үлкен тобы қосылып, митингіде Ж.Ақбаевтан басқа ауыл шаруашылығы мектебінің басқарушысы Павел Бельдицкий, штабс капитан М.Бекметов, полиция бақылауындағы В.Соколов, орманшы Астрейн, мектеп мұғалімдері Чемоданов, Митяшин, бітістіруші судья Вайсерт, бітістіруші судьяның хат жүргізушісі Төлеңгітов, т.б. сөз сөйледі.